

Туристік қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1213 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.11. N 481 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.11. N 481 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі және "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Туристік қызметті лицензиялау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) күші жойылды .

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

реттік саны 36-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"туристік операторлық қызмет,
туристік агенттік қызмет,
экскурсиялық қызмет,
туризм нұсқаушысының қызметін көрсету";

3) < * >

Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 қаулысымен .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 168 қаулысымен.

3. "Туристік қызметті лицензиялау мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 ақпандағы N 179 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 5-6, 71-құжат) 1 және 2-тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 14 қыркүйектегі

№ 1213 қаулысымен бекітілген

Туристік қызметті лицензиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңына (бұдан әрі - "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Заң), "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (бұдан әрі - "Лицензиялау туралы" Заң), өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленді және облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдардың - лицензиардың туристік қызметті (туроператорлық, турагенттік қызметтерді және туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін) жүзеге асыру құқығына мемлекеттік лицензия беру тәртібін, шарттарын, есебін жүргізуін белгілейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. № 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен белгіленген талаптарды сақтаса, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына лицензия алу құқығы беріледі.

3. Шетелдік заңды тұлғалар және олардың Қазақстан Республикасының аумағында құрылған әрі турагенттік қызметті жүзеге асырушы филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының туристік ұйымдарына арналған сондай шарттармен және тәртіппен лицензиялануы тиіс.

4. Туристік қызметті (туроператорлық, турагенттік және туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін) жүзеге асыру құқығы үшін берілетін лицензия бас лицензия болып табылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. № 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. № 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Өтінуші лицензия алғаннан кейін лицензия берілген кезден бастап жеті ай ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес көрсетілетін туристік қызметтерге сертификат алуға міндетті, содан кейін олардың

көшірмелерін лицензиарға тапсырады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Лицензия беру тәртібі мен шарттары

7. Лицензия мынадай туристік қызмет түрлерінің әрқайсысына беріледі:

- 1) т у р о п е р а т о р л ы қ ;
- 2) т у р а г е н т т і к ;
- 3) а л ы н ы п т а с т а л д ы
- 4) туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7-1. Лицензияны облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы орган лицензиатқа заңды тұлғалар үшін - оның әділет органдарында тіркелген жері бойынша, жеке тұлғалар үшін - салық органдарында тіркелген ж е р і б о й ы н ш а б е р е д і .

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Заңды тұлға-өтінушінің филиалдары мен өкілдіктері соның құрамында лицензияланады. Филиал немесе өкілдік туралы ереже мен тіркеу құжаттары лицензиарға көрсетілуі тиіс.

9. Лицензиат қызметтің осы түрімен айналысатын филиалдар (өкілдіктер) ашқан жағдайда лицензиат филиалдың (өкілдіктің) есептік тіркелу орны бойынша орналасқан лицензиарға филиалдардың (өкілдіктердің) осы Ереженің 22, 23, 25-тармақтарында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады. Бұл ретте лицензиар он шешім қабылданғаннан кейін филиалдардың (өкілдіктердің) орналасқан жерін көрсете отырып, лицензияға қосымшаны ресімдейді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Лицензия өтініш берушіге немесе оның уәкілетті өкіліне сенімхат негізінде беріледі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Лицензия бір данада беріледі, лицензия жоғалған жағдайда, лицензиаттың жазбаша өтініш бойынша төлқұжат алуға құқығы бар. Бұл ретте лицензиат туристік қызметтің тиісті түрімен айналысу құқығы үшін алым (бұдан әрі - лицензиялық алым) төлейді.

12. Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері өзгерген жағдайда, ол бір ай ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды қосып, лицензияны қайта

рәсімдеу туралы өтініш беруге міндетті. Лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап лицензиар он күн ішінде лицензияны қайта рәсімдейді.

13. Лицензия "Лицензия туралы" Заңмен белгіленген мерзімге беріледі.

14. Лицензиардың басшысы не осыған уәкілетті адам лицензияға қол қояды және лицензиардың мөрімен куәландырылады.

15. Туристік қызметтің тиісті түрімен айналысу құқығына лицензия өтінушіге осы Ереженің 3-бөлімінде көрсетілген біліктілік талаптарына сай келген жағдайда беріледі.

16. Туроператорлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) белгіленген нысан бойынша өтініш;
- 2) лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат;
- 3) жарғының, заңды тұлғаның тіркелгені туралы куәліктің және статистикалық кәртішкенің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) кеңсеге арналған меншікті немесе жалға алынған үй-жайы бар екендігін растайтын құжат;
- 5) меншікті немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы бар екендігін растайтын құжат не туристерді орналастыру орындарды, туристік жарақтар, көлік ұсынуға арналған қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйыммен қызметтер көрсетуге жасалған шарт;
- 6) білімі және жұмыс өтілі туралы құжаттардың көшірмелерін қоса отырып, қызметкерлердің тізімі;
- 7) туристік қызмет көрсету шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесі;
- 8) тасымалдаушымен шарттың көшірмесі;
- 9) туристік жолдаманың және турист жаднамасының көшірмесі;
- 10) экскурсиялық қызметті жүзеге асыратын, оқу орнын (тиісті курстарды) бітіргендігі туралы растайтын құжаттары және денсаулығының психикалық жай-күйі туралы медициналық анықтамасы бар жолбасшылардың (жолбасшы-аудармашылардың), экскурсия жүргізушілердің тізімі бар туристік ұйыммен шарттың көшірмесі;
- 11) жарнамалық-ақпараттық материалдар (жөнсілтегіштер, бүктемелер, бейнематериалдар, парақшалар, журналдар, сызбалар және карталар);
- 12) туристік бағыттардың тізілімі;
- 13) туристерге қызмет көрсету бағдарламасы;
- 14) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Заңның 17-бабының талаптарына сәйкес туристік қызмет көрсетуге арналған шарттың үлгісі;
- 15) туристерге арналған келетін және баратын елі туралы ақпарат.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Турагенттік қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) белгіленген нысан бойынша өтініш;
- 2) лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат;
- 3) мыналардың: жарғының, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (заңды тұлғалар үшін), жеке куәліктің, жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәліктің немесе патенттің (жеке тұлғалар үшін) нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) кеңсеге арналған меншікті немесе жалға алынған үй-жайы бар екендігін растайтын құжат;
- 5) меншікті немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы бар екендігін растайтын құжат не туристерді орналастыру орындарды, туристік жарақтар, көлік ұсынуға арналған қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйыммен қызметтер көрсетуге жасалған шарт;
- 6) білімі және жұмыс өтілі туралы құжаттардың көшірмесін қоса отырып, қызметкерлердің тізімі;
- 7) туристік қызмет көрсету шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесі;
- 8) тасымалдаушымен шарттың көшірмесі;
- 9) туристік жолдаманың және турист жаднамасының көшірмесі;
- 10) жарнамалық-ақпараттық материалдар (жөнсілтегіштер, бүктемелер, бейнематериалдар, парақшалар, журналдар, сызбалар және карталар);
- 11) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Заңның 17-бабының талаптарына сәйкес туристік қызмет көрсетуге арналған шарттың үлгісі ;

12) туристерге арналған келетін және баратын елі туралы ақпарат.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1 8 . < * >

Ескерту. 18-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін жүзеге асыруға лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) белгіленген нысан бойынша өтініш;
- 2) лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат;
- 3) тиісті кәсіптік дайындығын, біліктілігін және туристік бағыттармен жүріп өту тәжірибесін растайтын құжаттар;
- 4) әзірленген туристік бағыттардың карта-сызбалары және сипаттамалары;

5) денсаулығының психикалық жай-күйі туралы медициналық анықтама.

20. Өтінуші ұсынылған құжаттардың анықтығына Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауаптылықта болады.

2 1 . < * >

Ескерту. 21-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

3. Біліктілік талаптары

22. Туроператорлық қызметті лицензиялау кезінде өтінушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:

- 1) жарғыда туристік қызметті негізгі ретінде бекіту;
- 2) кеңсеге арналған меншікті немесе жалға алынған үй-жайы бар екендігін растайтын құжат;
- 3) туристік қызмет көрсету шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты;
- 4) туристік білімі немесе туризм саласында кемінде бір жыл нақты жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлер;
- 5) туристік бағыттардың тізілімі;
- 6) туристерге қызмет көрсету бағдарламалары;
- 7) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Заңның 17-бабының талаптарына сәйкес туристік қызмет көрсетуге арналған шарттың үлгісі ;
- 8) меншікті немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы бар екендігін растайтын құжат не туристерді орналастыру орындарды; туристік жарақтар ; көлік ұсынуға арналған қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйыммен қызмет көрсету шарты;
- 9) экскурсиялық қызметте жүзеге асыратын, оқу орнын (тиісті курстарды) бітіргендігі туралы растайтын құжаттары және денсаулығының психикалық жай-күйі туралы медициналық анықтамасы бар жолбасшылардың (жолбасшы-аудармашылардың), экскурсия жүргізушілердің тізімі бар туристік ұйыммен шарт ;
- 10) тасымалдаушымен шарттар;
- 11) туристік жолдама, турист жаднамасы;
- 12) туристке арналған келетін және баратын елі туралы ақпарат;
- 13) жарнамалық-ақпараттық материалдар (жөнсілтегіштер, бүктемелер, бейнематериалдар, парақшалар, журналдар, сызбалар және карталар).

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Турагенттік қызметті лицензиялау кезінде өтінушіге қойылатын біліктілік

талаптары мыналардың болуын қамтиды:

- 1) жарғыда туристік қызметті негізгі ретінде бекіту (заңды тұлғалар үшін);
- 2) кеңсеге арналған меншікті немесе жалға алынған үй-жайы бар екендігін растайтын құжат;
- 3) туристік қызмет көрсету шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты;
- 4) туристік білімі немесе туризм саласында кемінде бір жыл нақты жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлер;
- 5) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Заңның 17-бабының талаптарына сәйкес туристік қызмет көрсетуге арналған шарттың үлгісі;
- 6) меншікті немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы бар екендігін не туристерді орналастыру орындары; туристік жарақтар; көлікті ұсынуға арналған қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйыммен қызмет көрсету шарты;
- 7) тасымалдаушымен шарттар;
- 8) туристік жолдама, турист жаднамасы;
- 9) туристке арналған келетін және баратын елі туралы ақпарат;
- 10) жарнамалық-ақпараттық материалдар (жөнсілтегіштер, бүктемелер, бейнематериалдар, парақшалар, журналдар, сызбалар және карталар).

2 4 . < * >

Ескерту. 24-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін лицензиялау кезінде өтінушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:

- 1) кәсіптік дайындығын, біліктілігін және туристік бағыттармен жүріп өту тәжірибесі;
- 2) әзірленген туристік бағыттар;
- 3) денсаулығының психикалық жай-күйі туралы медициналық анықтама;
- 4) меншікті немесе жалға алынған туристік жарақтар.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Лицензия беруден бас тарту, лицензияны тоқтату, қайтарып алу және оның қолданылуын тоқтата тұру

26. Лицензия беруден мына жағдайларда бас тартылады, егер:

- 1) туроператорлық, турагенттік қызметтерді және туризм нұсқаушысының қызметін көрсетуді жүзеге асыруға заңнамалық кесімдермен адамдардың осы санаттары үшін тыйым салынса; P000179_ P960918_

2) лицензия алу үшін қажетті құжаттардың барлығы ұсынылмаса. Лицензиар лицензия беруден бас тартқан себептерді өтінуші жойған ретте, өтініш оны алу үшін көзделген жалпы негіздерде қаралады;

3) лицензиялық алым енгізілмесе;

4) өтінуші біліктілік талаптарына сай келмесе;

5) өтінушіге қатысты оның осы қызмет түрімен айналысуына тыйым салынған сот шешімі бар болса.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Турагенттік, туроператорлық қызметтерді және туризм нұсқаушысының қызметін көрсетуді жүзеге асыруға лицензия беруден бас тартылған жағдайда, өтінушіге бас тарту себептері көрсетілген жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 853 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Егер заңнамамен белгіленген мерзімде лицензия берілмеген жағдайда немесе лицензия беруден бас тартуды өтінуші негізсіз деп тапса, ол бір ай мерзімде лицензиардың іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

29. Лицензия беруден негізсіз бас тартудан немесе өтінушінің құқығын бұзудан туындаған шығындарды өтеу заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

30. Лицензияны басқа заңды және жеке тұлғаларға беруге тыйым салынады.

31. Лицензия өз күшін мына жағдайларда тоқтады:

1) лицензияның қайтарып алынуы;

2) азаматтың кәсіпкерлік қызметін тоқтатуы, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы.

32. Лицензияны қайтарып алу және оның күшін тоқта тұру Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген тәртіпте және негіздерде жүзеге асырылады.

33. Лицензияның күшін тоқтату туралы шешімге лицензиат сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

34. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың себептері жойылғаннан кейін лицензияның күші қалпына келеді.

5. Есепке алу және бақылау

35. Лицензиар берілген лицензиялардың бірыңғай есебін жүргізеді.

36. Осы Ереженің сақталуын бақылауды лицензиар жүзеге асырады.

37. Лицензиар осы Ереженің сақталуын тексеруді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүргізеді.

